2025 жылғы қаңтар-мамырдағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі **2025 жылғы қаңтар-мамыр айларында 86,1 млрд. теңгені** құрады, бұл атаулы мәнде 2024 жылғы ұқсас кезең деңгейінен **4%-ға өсті**. Өсім киім өндірісінде (*2,9%),* тоқыма бұйымдарының өндірісінде *(8,1%)* өсім байқалады. Ал, былғары және оған қатысты өнімдер өндірісінде *(-19,8%),* төмендеу байқалады.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **нақты көлемінің индексі** 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларында 2024 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда **102,7%** құрады. НКИ өсімі киім өндірісінде ***(107,0%)*** және тоқыма бұйымдарын өндіруде ***(102,7%)*** байқалады. Сонымен қатар, төмендеу былғары және оған қатысты өнімдерді өндіруде ***(86,6%),*** байқалады.

Тоқыма өнімдері өндірісінде (+2,7%): мынадай тауарлар бойынша барынша өсім орын алды: синтетикалық штапельді талшықтардан жасалған маталар *14,8 есе*, перделер,перде, интерьерге арналған перделерді қоса алғанда; кереуеттерге арналған перделер мен подзоралар *9,3 есе*, тоқыма иірілген жіп және химиялық немесе штапельді талшықтардан жасалған жіптер *60,6%* және т. б.

Киім өндірісінде (+7,0%): ең жоғары өсім осы сектордың мынадай тауарларында байқалады: трикотаж, ерлер немесе ұлдарға арналған пальто, плащтар, капюшоны бар плащ және ұқсас бұйымдар *6,2* есе, ерлер немесе ұлдарға арналған шалбар, кеудешелері мен белдіктері бар комбинезондар, бриджи мен шорты *(трикотаждан басқа) 75,4%,* нәрестелерге арналған киім, өзге де киім және трикотаждан басқа өзге де киім аксессуарлары *37,2%* және т. б.

Былғары және оған қатысты өнімдер өндірісінде (-13,4%) мына тауарларда барынша төмендеу орын алды: қорғаныш металл тұмсығы бар аяқ киімнен басқа, су өткізбейтін табаны және үстіңгі жағы резеңкеден немесе полимерлі материалдардан жасалған аяқ киім *88,4%*, түксіз қой, ешкі немесе шошқа терісінен жасалған былғары *82,1%,* қайыс-ер бұйымдары; чемодандар, саквяждар, сөмкелер, портфельдер және ұқсас бұйымдар; өзге де былғары бұйымдар *60,5%* және т. б.

2025 жылғы қаңтар-сәуірде жеңіл өнеркәсіп өнімінің **экспорты 67,8 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңінен **2,6%-ға төмен**. Экспорттық жеткізілімдердің төмендеуі киім-кешек өндірісінде (-19,5%) және тоқыма өнімдерінде (-18,3%), ал былғары және оған қатысты өнімдерде 91,3% өсім байқалады.

Осы кезеңде Қазақстан үшін негізгі экспорттық нарықтар: Ресей *(55,4%),* Беларусь *(12,7%),* Өзбекстан *(4,4%),* болып табылады.

2025 жылдың қаңтар-сәуір айларында жеңіл өнеркәсіп **өнімінің импорты 1 126,9 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **12,3%-ға төмен.** Импорттық жеткізілімдердің төмендеуі киім өндірісінде *(-23,4%)* және былғары және оған қатысты өнімдері *(-22,7%)* өндірісінде байқалады, ал тоқыма бұйымдарын өндіруде 21,8% өсім байқалады.

Бақыланып отырған кезеңдегі тауарлардың жетекші жеткізушілері: Қытай *(40,0%)*, Ресей *(29,2%)*, Түркия *(9,7%)*, Бангладеш *(3,8%)*, Италия *(3,2%)*. Бүгінгі күні осы елдердің жеңіл өнеркәсіп компаниялары әлемдік киім, тоқыма, аяқ киім нарығындағы ең мықты ойыншылар болып табылады.

2025 жылғы қаңтар-сәуірінде Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсіп нарығы **1 201,3 млн. АҚШ долларын** *(641,3 млрд. теңге)* құрады, бұл ретте **ОТӨ үлесіне 6,2%,** импорттық өнімнің үлесіне **93,8%** келеді.


Сала төрт өңірде: Шымкент қаласында, Түркістан, Алматы және Ақмола облыстарында жоғары **аумақтық шоғырлануымен** ерекшеленеді. Түркістан облысында жеңіл өнеркәсіптің үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінен 20,9%, Шымкент қаласында – 14,0%, Алматы облысында – 9,4%, Ақмола облысында – 8,8% құрайды.

QazIndustry

ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-май 2025 г.

86,1
МЛРД ТГ



102,7%
ИФО

$67,8
МЛН



ЭКСПОРТ




РЫНОК

$1 126,9
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-апрель 2025 г.



млн тг

ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz